«ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ Ащысай кен орны үшін 2026-2028 жылғаҮШІН «АТМОСФЕРАҒА ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ НОРМАТИВТЕРІНІҢ ЖОБАСЫ, ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ, ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ, ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫ ЖОСПАРЫ» БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАЛЫМ ХАТТАМАСЫ.

1. *Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:*

Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
«Жангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы

«ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ Ащысай кен орны үшін 2026-2028 жылға үшін «Атмосфераға зиянды заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғат қорғау іс-шаралары жоспары»*(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)*

3. *Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы*.

Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК

4. *Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:*

Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ащысай кен орны: 46°25'39.04" с.е., 65°43'35.01" ш.б.; 46°17'0.16" с.е., 65°56'30.42" ш.б.; 46°11'30.70" с.е., 65°57'50.09" ш.б.; 46°15'1.95" с.е., 65°50'37.80" ш.б. *(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)*

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы
(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. *Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:*

«ҚОР» мұнай компаниясы АҚ, БСН 991140000357, Қызылорда қ., Н. Назарбаев даңғылы, 29 ғимарат, тел.: 8 (701)313 5063, e-mail: ecolog@kor.kz. *(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық поштасы, сайттары)*

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сыртқа тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

«Сыр Арал сараптама» ЖШС, 120000, Қызылорда қ. . Желтоксан,120 , БСН 101 140 013 315, ІІС KZ466017201000002208, ВІК HSBKKZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Тел: 8 (7242) 23-03-06, Электрондық пошта: Sa-saraptama@mail.ru

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық поштасы, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

2026 жылы 29 қазанда сағат 15:00-де Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жангелді ауылдық округі, Байқоңыр ауылы, Рысқұлов көшесі, №10 мекенжайы бойынша; *(қатысушыларды тіркеу*

басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Қосымша 1, 2

10. *Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.* Қосымша 3

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі https://ndbecology.gov.kz/;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органының ресми интернет- ресурсында

Қызылорда облысының табиғи ресурстар жәнетабиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=kk

(ресми интернет–ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Жезказганский вестник» АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ ГАЗЕТІ, 25.09.2026 жыл №68 (798) (қосымша 4)

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

«Ұлытау ТВ» телеарнасы, 23.09.2026 жыл №141 (қосымша 5)

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Ұлытау ауданы, Байқоңыр ауылы әкімінің аппараты тақтасы. Фотоматериалдар қоғамдық тыңдаулардың осы хаттамасына қоса беріледі.(қосымша 6) 2 дана хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаудың хатшысы – «Сыр-Арал сараптама» экологы Абуова Алтынай.

Қарсы емес – 17 адам, қарсы - 0, қалыс қалды - 0

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

Қарсы емес - 17 адам, қарсы - 0, қалыс қалды - 0

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы",

"қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндама – Абуова Алтынай, «Сыр Арал сараптама» ЖШС-нің экологы,

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Баяндама тақырыбы – «ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ Ащысай кен орны үшін 2026-2028 жылға арналған «Атмосфераға зиянды заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғат қорғау іс-шаралары жоспары» Презентация – 11 беттен тұрады.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Қосымша 7.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Барлық қатысушылар ұсынылған материалдармен қанағаттанды.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Укашаева Мария Аманбековна. Старший менеджер Жанажолы ауылдық округінің 29.10.2026 ж. Укаш

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Абуова Алтынай Тайгунаққызы эколог "СЖС" 29.10.2026

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Ащысай кен орнын пайдалану Байқоңыр ауылына қауіп төндіре ме? - Байқоңыр ауылының тұрғыны	Бұл кен орны үшін санитарлық-қорғау аймағы 500 метрді құрайды. Ал Ащысай кен орнынан Байқоңыр ауылына дейінгі қашықтық 95,87 километрді құрайды. Осыған байланысты кен орнын пайдалану қауіпті емес. - Әбуова Алтынай "Сыр-Арал сараптама"ЖШС экологы	Ескерту алынып тасталды
2.	**I. Атмосфераға шығарындылар** Ащысай кен орнындағы ластаушы заттардың нақты және жобалық шығарындыларының көлемі қандай? Әрбір зат бойынша жылына тоннамен бөлек көрсетуді сұраймыз: көмірсутектер, ұшпа органикалық қосылыстар, болған жағдайда күкіртсутек, азот оксидтері, көміртек оксиді, күкірт диоксиді және басқа да нормаланатын ластағыштар. Қандай көрсеткіштер есептік жолмен алынған, ал қайсысы аспаптық өлшеулермен расталған?	***Жауап:*** 2026–2028 жылдарға арналған шығарындылардың жобалық көлемі — 158,938625335 тонна/жыл. Әрбір зат бойынша шығарындылар тізбесі ШРШ (шекті рұқсат етілген шығарындылар) жобасында келтірілген. 2026 жылғы маусым–қыркүйек аралығындағы нақты шығарындылар көлемі төменде көрсетілген: күкірт оксидтері — 2,74 т; азот оксидтері — 4,2 т; шаң мен күл — 0,000012 т; күкіртсутек — 0,0079 т; көмірсутектер — 13,3 т; формальдегид — 0,002 т; көміртек оксиді — 1,6 т; метан — 1,39 т; көміртек (күйе) — 0,7 т; темір оксидтері — 0,00014 т; бензапирен — 0,0000002 т.	Ескерту алынып тасталды
3.	Шекті рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасына қандай шығарындылар көздері енгізілген? Мұнай ұңғымалары, сорғы қондырғылары, резервуарлар, алау жүйелері, технологиялық құбыржолдар, дизель	**Жауап:** Мұнай ұңғымалары, сорғы қондырғылары, резервуарлар, алау жүйелері, технологиялық құбыржолдар, дизель генераторлары, мұнай дайындау учаскелері және шикізатты уақытша сақтау орындары шекті рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасында ескерілген. Көздердің толық тізбесі ШРШ жобасындағы түгендеу парағында келтірілген.	Ескерту алынып тасталды

	генераторлары, мұнай дайындау учаскелері және шикізатты уақытша сақтау орындары есепке алынды ма? Көздердің координаттары, параметрлері және есептік шығарындылары көрсетілген толық тізбесін ұсынуды сұраймыз.		
4.	Кен орны аумағынан тыс жерлерге ластаушы заттардың таралуы қалай бағаланды? Фондық ластануды, жел режимін және қолайсыз метеорологиялық жағдайларды ескере отырып, таралу есептеулері жүргізілді ме? Санитариялық-қорғаныш аймағының шекарасындағы, жақын маңдағы жайылымдардағы және елді мекендер бағыты бойынша есептік концентрациялар мен таралу карталарын ұсынуды сұраймыз.	**Жауап:** Ащысай кен орны орналасқан ауданның табиғи-климаттық және метеорологиялық сипаттамаларына сәйкес, жерге жақын атмосфералық ауа қабатында ластаушы заттардың едәуір жиналуына ықпал ететін қолайсыз метеорологиялық жағдайлар (ҚМЖ) осы аумақ үшін болжанбайды. Ластаушы заттардың таралу есептеулері шығарындылар көздерінің сипаттамалары мен параметрлерін, сондай-ақ объект орналасқан ауданның метеорологиялық жағдайларын ескере отырып орындалған. Кен орнының стационарлық көздерінен атмосфералық ауаға түсетін негізгі ластаушы заттар мұнайды қыздыру пештерін, мұнай сақтау резервуарларын және газпоршеньді қондырғыларды пайдалану кезінде түзіледі. Есептеу нәтижелерін ескере отырып, атмосфералық ауаның сапа нормативтерінің асып кетуіне әкелуі мүмкін ластаушы заттардың белгіленген санитариялық-қорғаныш аймағынан тыс елеулі таралуы болжанбайды. Осылайша, объект штаттық режимде пайдаланылған және осы аумаққа тән метеорологиялық жағдайлар ескерілген кезде, белгіленген санитариялық-қорғаныш аймағынан тыс шығарындылардың әсері атмосфералық ауаның сапасына елеулі ықпал етпейді. Таралу карталары мен есептік концентрациялар ШРШ жобасының есептік бөлімінде келтірілген.	Ескерту алынып тасталды
5.	**II. Мұнай қалдықтары және топырақтың ластануы** **4.** Кен орнын пайдалану кезінде	**Жауап:** Кен орнын пайдалану кезінде түзілетін қалдықтардың толық тізбесі Қалдықтарды басқару бағдарламасында ұсынылған.	Ескерту алынып тасталды

	түзілетін қалдықтардың толық тізбесі қандай? Қалдық кодтарын, жіктелуін, жылдық түзілу көлемін (тоннамен), қауіпті қасиеттерін және олармен жұмыс істеу тәсілдерін көрсетуді сұраймыз. Мұнай шламының, мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың, пайдаланылған майлардың, түзілген жағдайда бұрғылау қалдықтарының, ластанған сүзгілер мен сорбенттердің көлемдерін бөлек көрсетуді сұраймыз.		
6.	Құрамында мұнай бар қалдықтар қай жерде жинақталады және оларды кейіннен кәдеге жаратумен кім айналысады? Жинақтау алаңдарының координаттарын, сақтау шарттарын, жобалық сыйымдылығын және қалдықтардың нақты көлемін көрсетуді сұраймыз. Олар қандай ұйымдарға беріледі? Қажетті рұқсат құжаттары және қалдықтардың нақты тапсырылғанын әрі кейінгі басқарылуын растайтын актілер бар ма?	**Жауап:** Ащысай кен орнында өндірістік қызмет барысында құрамында мұнай бар және қалдықтардың өзге де түрлері түзіледі. Олардың құрамы мен көлемі өндіру көлеміне, технологиялық жабдықты пайдалануға, жөндеу және техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты. Түзілетін қалдықтарды есепке алу олардың түрлері бойынша бөлек және қауіптілік дәрежесіне қарай жіктелуіне сәйкес жүргізіледі. Оның ішінде кен орны объектілерін пайдалану кезінде түзілетін құрамында мұнай бар қалдықтар, пайдаланылған материалдар және басқа да қалдықтар есепке алынады. Есепті кезеңдердегі қалдықтардың нақты түзілу көлемдері әрбір қалдық түрі мен қауіптілік сыныбы бойынша кәсіпорынның өндірістік есепке алу және есептілік деректері негізінде айқындалады. Қалдықтардың түрлері, қауіптілік сыныптары және түзілу көлемдері туралы тиісті ақпарат өндірістік есепке алу деректері ескеріле отырып, экологиялық сараптама порталында ескертулерге берілетін жауап материалдарының құрамында ұсынылады. Ащысай кен орнында түзілетін қалдықтар бөлек жиналып, уақытша жинақталады, кейін белгіленген тәртіппен тапсырылады. Түзілген қалдықтар Қазақстан Республикасының экологиялық	Ескерту алынып тасталды

		заңнамасының талаптарына сәйкес, тиісті рұқсат құжаттары бар мамандандырылған ұйымдарға кейінгі басқаруға белгіленген тәртіппен беріледі. Қалдықтардың барлық түрлері, оның ішінде қауіпті қалдықтар да, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, залалсыздандыру немесе олармен жұмыс істеудің өзге де операцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдарға беріледі. Ұйымдарды айқындау сатып алу қағидалары мен экологиялық заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі. Қалдықтарды беру кезінде қабылдаушы ұйымдарда қажетті рұқсат құжаттарының, лицензияның болуына және қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы белгіленген талаптардың сақталуына бақылау жүргізіледі. Қалдықтардың берілгені және олармен кейінгі жұмыс істеу тиісті құжаттармен расталады әрі өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде есепке алынады.	
7.	Кен орны аумағында топыраққа мұнай өнімдері мен ауыр металдарға зерттеулер жүргізілді ме? Соңғы үш жылдағы зертханалық зерттеулердің нәтижелерін сынама алу нүктелерінің координаттарын, сынама алу тереңдігін, зерттеу күндерін және нақты концентрацияларды көрсете отырып ұсынуды сұраймыз. Ұңғымалар, резервуарлар, құбыржолдар және қалдықтарды жинақтау орындарының маңындағы учаскелер тексерілді ме?	**Жауап:** Кәсіпорында өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде топырақтағы мұнай өнімдері мен ауыр металдарға тұрақты түрде өлшеулер жүргізіледі.	Ескерту алынып тасталды
8.	Мұнай және мұнай кәсіпшілігі сұйықтықтары ағып кеткен жағдайда жерасты суларының ластануына қалай жол берілмейді? Гидрогеологиялық зерттеулер жүргізіліп, жерасты суларының қозғалу бағыттары	**Жауап:** Кәсіпорын мұнай мен мұнай кәсіпшілігі сұйықтықтарының ағып кетуіне жол бермеу бойынша жұмыстар жүргізеді. Соңғы жылдары мұнай мен мұнай кәсіпшілігі сұйықтықтарының ағып кету жағдайлары тіркелмеген. Мұндай жағдайлар анықталған кезде кәсіпорын әсерді барынша азайту, қоршаған орта компоненттеріне ықпал ету деңгейін бағалау, сондай-ақ мониторинг бағдарламасы шеңберінде келтірілген	Ескерту алынып тасталды

	анықталды ма? Бақылау ұңғымалары бар ма, сынамалар қандай мерзімділікпен алынады және қандай заттар бақыланады? Мониторинг нәтижелері мен анықталған ауытқулар туралы мәліметтерді ұсынуды сұраймыз.	залалды қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдайды.	
9.	Мұнайдың авариялық төгінділерінің алдын алу және оларды жою үшін қандай шаралар көзделген? Ағып кетуді анықтау жүйелері, жабдықты автоматты ажырату жүйелері, герметикалық алаңдар және авариялық сыйымдылықтар бар ма? Ықтимал төгіндінің есептік ең жоғары көлемі қандай және топырақты, жерасты суларын әрі іргелес жайылымдарды қорғау үшін қандай шаралар қарастырылған?	**Жауап:** Мұнай құбырларының, технологиялық жабдықтың, резервуарлардың және кен орнының басқа да объектілерінің герметикалығы бұзылған жағдайда мұнай мен көмірсутек буларының ағып кетуіне байланысты ластаушы заттардың авариялық шығарындылары болуы ықтимал. Жобалық құжаттама құрамында герметикалығы бұзылған кезде ықтимал ағып кету көздері болып табылатын бекіту-реттеу арматурасы мен фланецті қосылыстардан шығатын ықтимал шығарындылардың есептеулері көзделген және орындалған. Аталған есептеулер тиісті технологиялық тораптар мен қосылыстардан ластаушы заттардың ықтимал түсуін ескереді және объектінің атмосфералық ауаға әсерін бағалау кезінде пайдаланылады. Ықтимал авариялық жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар ағып кетулерді жедел анықтау мен оқшаулауды, тиісті жабдықты ажыратуды және ластаушы заттардың одан әрі таралуына жол бермеу үшін қажетті шараларды қабылдауды қамтиды. Осылайша, авариялық шығарындылардың ықтимал көздері жобалық шешімдерде ескерілмеген, ал бекіту-реттеу арматурасы мен фланецті қосылыстардан шығатын шығарындылардың есептеулері жобалық құжаттама құрамында бар.	Ескерту алынып тасталды

10.	Егер мұнай өндіру кезінде қабат суы түзілсе, онымен жұмыс істеу қалай ұйымдастырылған? Қабат суының түзілу көлемі, химиялық құрамы және онымен жұмыс істеу тәсілі қандай? Қайта айдау, тазарту немесе кәдеге жаратудың өзге тәсілі қолданыла ма? Егер су қабатқа қайта айдалса, процестің қауіпсіздігі қандай зерттеулермен расталады және сұйықтықтың сулы горизонттарға көшуіне жол берілмейтіні қалай бақыланады?	**Жауап:** Қабатқа айдалатын судың сапасы зертханалық әдіспен бақыланады.	Ескерту алынып тасталды
11.	**IV. Өндірістік экологиялық бақылау** **10.** Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасында қандай көрсеткіштер және қандай мерзімділікпен көзделген? Ластаушы заттардың тізбесін, бақылау нүктелерін, өлшеу мерзімділігін және зертханалық талдау әдістерін көрсетуді сұраймыз. Бағдарлама атмосфералық ауаны, топырақты, жерасты суларын, қалдықтарды жинақтау орындарын және әсер етуі ықтимал басқа да маңызды объектілерді қамти ма?	**Жауап:** Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасында операциялық мониторинг, әсер ету мониторингі және эмиссиялар мониторингі көзделген. Барлық ұйымдастырылған шығарындылар көздерінде аспаптық өлшеулер жүргізу қарастырылған, ал ұйымдастырылмаған көздер есептік әдіспен бақыланады. Сондай-ақ топырақ сапасына мониторинг жүргізу, сынамалар алу және мұнай өнімдері мен ауыр металдардың концентрациясын анықтау көзделген.	Ескерту алынып тасталды
12.	Соңғы үш жылда экологиялық нормативтердің қандай да бір асып кетуі және авариялық жағдайлар тіркелді ме? Күндерін, нақты көрсеткіштерді, ластану көздері туралы мәліметтерді, қабылданған шаралар мен қайталама	**Жауап:** Соңғы 3 жылда экологиялық нормативтердің асып кетуі және авариялық жағдайлар тіркелмеген.	Ескерту алынып тасталды

	бақылау нәтижелерін ұсынуды сұраймыз. Егер асып кетулер анықталмаса, бұл қорытынды қандай өлшеулер мен қандай мерзімділік негізінде жасалғанын көрсетуді сұраймыз.		
13.	**V. Жайылымдар, табиғи орта және жауапкершілік** **12.** Кен орны қызметінің жайылымдарға және жергілікті халық пайдаланатын жерлерге әсері қалай бағаланды? Топырақтың мұнай өнімдерімен ықтимал ластануы, шаңдану, ауыр көліктің қозғалысы және жайылымдарға қолжетімділіктің шектелуі ескерілді ме? Өндірістік объектілердің, жолдардың, қалдықтарды жинақтау алаңдарының және жер пайдалануға ықтимал әсер ету учаскелерінің картасын ұсынуды сұраймыз.	**Жауап:** Кен орны қызметінің жайылымдарға және жергілікті халық пайдаланатын жерлерге әсері уәкілетті мемлекеттік органдарда сараптамадан өткен, бұрын әзірленген құжаттар құрамында бағаланған.	Ескерту алынып тасталды
14.	2026–2028 жылдарға қандай табиғат қорғау іс-шаралары көзделген және оларды қаржыландыру көлемі қандай? Іс-шаралардың тізбесін құнын, мерзімдерін, жауапты тұлғаларын және күтілетін экологиялық нәтижесін көрсете отырып ұсынуды сұраймыз. Қандай шаралар шығарындыларды азайтуға, төгінділердің алдын алуға, ластанған жерлерді қалпына келтіруге және қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуге бағытталған? Қандай іс-шаралар	**Жауап:** 2026–2028 жылдары Ащысай кен орнының өндірістік қызметі шеңберінде атмосфералық ауаға теріс әсерді азайтуға және оның алдын алуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарын сақтауға бағытталған табиғат қорғау іс-шараларын орындау көзделген. Табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру кәсіпорынның тиісті шығыстары құрамында қарастырылады. Әрбір іс-шара бойынша қаржыландырудың нақты көлемі бекітілген табиғат қорғау іс-шараларының жоспары мен кәсіпорынның қаржылық жоспары арқылы айқындалады. Жоспарланған іс-шаралардың нақты орындалуын бақылауды кәсіпорынның	Ескерту алынып тасталды

	қаржыландырылып қойды?	жауапты құрылымдық бөлімшелері өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде жүзеге асырады. Іс-шаралардың орындалуы мен белгіленген экологиялық талаптардың сақталуы бақыланып, тиісті есептілік жүргізіледі. Бұдан бөлек, табиғат қорғау іс-шараларының нақты орындалуын Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде бақылайды. Осылайша, 2026–2028 жылдарға арналған табиғат қорғау іс-шараларын орындау бекітілген экологиялық және өндірістік құжаттамаға сәйкес көзделген, ал бақылауды кәсіпорынның жауапты бөлімшелері де, уәкілетті мемлекеттік органдар да заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.	
15.	Ұңғымалар мен кен орны объектілерін пайдалану тоқтатылғаннан кейін бүлінген жерлерді рекультивациялау қалай жүргізіледі? Ұңғымаларды жою, жабдықты бөлшектеу, ластанған топырақты алып тастау және топырақ жамылғысын қалпына келтіру көзделген бе? Рекультивациядан кейін қалдық ластанудың жоқтығы қалай тексеріледі және кейінгі мониторингке кім жауап береді?	**Жауап:** Ұңғымаларды, өндірістік және кен орнының басқа да объектілерін пайдалану аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптары мен жобалық шешімдерге сәйкес бүлінген жерлерді рекультивациялау көзделеді. Рекультивация бүлінген жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Оның ішінде рекультивация жобасына сәйкес өндірістік объектілер мен құрылыстарды жою, ластанған және жарамсыз материалдарды алып тастау, аумақты жоспарлау және топырақ жамылғысын қалпына келтіру қарастырылады. Рекультивациялауға жататын жерлердің ауданы нақты бүлінген жерлердің ауданы бойынша айқындалады және жою мен рекультивациялауға арналған тиісті жобалық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде нақтыланады. Рекультивация жұмыстары тиісті объектілерді пайдалану аяқталғаннан кейін, жою және рекультивациялау жобасында көзделген мерзімдерде орындалады. Жою және рекультивациялау іс-шаралары өндірістік қызмет салдарын жою жөніндегі тиісті міндеттемелерді орындауға жер қойнауын пайдаланушы бөлетін қаражат есебінен қаржыландырылады.	Ескерту алынып тасталды

		Осылайша, рекультивациялау жөніндегі міндеттемелер кен орны объектілерін пайдалану аяқталғаннан кейін жерлерді қалпына келтіруді көздейді. Жұмыстардың нақты көлемі, орындалу мерзімдері мен сметалық құны жою және рекультивациялау жөніндегі тиісті жобалық құжаттамада айқындалады.	
16.	Экологиялық залал үшін кім жауап береді және жұртшылық міндеттемелердің орындалуын қалай тексере алады? Ластану анықталған жағдайда кәсіпорынның іс-қимыл тәртібін, тәуелсіз зерттеулер жүргізуді, салдарын жоюды және расталған залалды өтеуді түсіндіруді сұраймыз. Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері, нормативтердің асып кетуі туралы мәліметтер және табиғат қорғау іс-шараларының орындалуы жөніндегі есептер жариялана ма? Қалған сұрақтар бойынша жалғыз экологиялық Telegram-арнада: https://t.me/kvest_kz	**Жауап:** Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады және белгіленген экологиялық талаптардың сақталуы мен табиғат қорғау міндеттемелерінің орындалуы үшін жауапты болады. Ластану анықталған жағдайда оның себептері мен көзін анықтау, ластануды оқшаулау, қоршаған ортаға одан әрі теріс әсер етуге жол бермеу, тиісті зерттеулер жүргізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен салдарын жою бойынша қажетті шаралар қабылданады. Экологиялық залал келтіру фактісі расталған кезде кәсіпорын табиғи ортаның зардап шеккен компоненттерін қалпына келтіру және тиісті құқықтық негіздер болған жағдайда залалды өтеу жөніндегі заңнамада көзделген міндеттемелерді орындайды. Өндірістік экологиялық бақылау белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Экологиялық мониторингтің нақты нәтижелері мен есептілік заңнама талаптарына сәйкес уәкілетті органдарға ұсынылады. Бақылау нәтижелері мен табиғат қорғау іс-шараларының орындалуы туралы мәліметтерді қоса алғанда, экологиялық ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектер мен тәртіпте қамтамасыз етіледі. Кәсіпорын экологиялық жауапкершілік қағидаттарын сақтауға, қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алуға және табиғат қорғау қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүдделі.	Ескерту алынып тасталды

Қосымша 1

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 26072162001, Дата: 21.09.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории:

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Проект нормативов допустимых выбросов в атмосферу для месторождения Ащисай на 2026-2028 годы, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план природоохранных мероприятий

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Ұлытау, Улытауский район, Жангильдинский с.о., с.Байконур, ул. Рыскулова, 10, 29.10.2026 15:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Жезказганский вестник; Областная телерадиокомпания "ULYTAU"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Административные здания с.Байконур

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
""ҚОР"" Мұнай Компаниясы"" акционерлік қоғамы (БИН: 991140000357), +7(777)-752-84-24, marat.mambetiyarov@kor.kz,

Активация Windows

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Активация Window
Чтобы активировать Wind

Қосымша 2

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 26072162001, Дата: 21.09.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26072162001, от 21.09.2026 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:
«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Проект нормативов допустимых выбросов в атмосферу для месторождения Ащисай на 2026-2028 годы, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план природоохранных мероприятий , в предлагаемую Вами 29.10.2026 15:00, область Ұлытау, Улытауский район, Жангильдинский с.о., с.Байконур, ул. Рыскулова, 10(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».
«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»
